

Электрондық ішкі мемлекеттік аудит қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2018 жылғы 28 наурыздағы № 413 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 30 наурызда № 16677 болып тіркелді.

"Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 14-бабының 11-1) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 02.02.2023 № 111 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Қоса беріліп отырған Электрондық ішкі мемлекеттік аудит қағидалары бекітілсін.
2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Бухгалтерлік есеп және аудит әдіснамасы департаменті (А.Т. Бектұрова) заңнамада белгіленген тәртіппен:
 - 1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;
 - 2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі қағаз және электрондық түрдегі көшірмелерін Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде ресми жариялау және енгізу үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жолдануын;
 - 3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын;
 - 4) осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Заң қызметі департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.
3. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Қаржы Министрі

Б. Сұлтанов

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
2018 жылғы 28 наурыздағы № 413
бұйрығымен
бекітілген

Электрондық ішкі мемлекеттік аудит қағидалары

Ескерту. Қағидалар жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 29.12.2025 № 817 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-тарау. Жалпы ережелер

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

1-тармақ жаңа редакцияда көзделген - ҚР Қаржы министрінің 28.04.2026 № 282 (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Осы Электрондық ішкі мемлекеттік аудит қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 14-бабының 11-1) тармақшасына сәйкес әзірленді және уәкілетті органмен, оның аумақтық бөлімшелерімен және орталық мемлекеттік органдардың, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдарының және Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің ведомстволық бағынысты аумақтық органдарының (бұдан әрі – ІАҚ) ішкі аудит қызметтерімен электрондық ішкі мемлекеттік аудит жүргізу тәртібін айқындайды.

Электрондық ішкі мемлекеттік аудиттің негізгі мақсаты байланысты жою жолымен мемлекеттік аудит объектілеріне жүктемені төмендету, ішкі мемлекеттік аудит жөніндегі уәкілетті органның құзыретіне сәйкес аудит жүргізу мерзімдерін қысқарту және жеке және заңды тұлғалардың өтініштері бойынша жедел шешімдер қабылдауды қамтамасыз ету болып табылады.

Электрондық ішкі мемлекеттік аудит құқықтық қатынастардың орнатылуын, өзгертілуін немесе тоқтатылуын көздейтін электрондық цифрлық қолтаңбалар арқылы куәландырылған электрондық құжаттарды, сондай-ақ ақпараттық технологияларды пайдалана отырып, азаматтық-құқықтық мәмілелер жасауды қоса алғанда, осы құқықтық қатынастарға қатысушылардың құқықтары мен міндеттерін пайдаланған жағдайда ғана жүргізіледі.

Сәйкестіктің электрондық ішкі мемлекеттік аудиті, тиімділік аудиті және қаржылық есептілік аудиті Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2018 жылғы 19 наурыздағы № 392 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 16689 болып тіркелген) бекітілген Ішкі мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау жүргізу қағидаларына (бұдан әрі – Ішкі мемлекеттік аудит қағидалары), сондай-ақ Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2022 жылғы 1 ақпандағы № 113 бұйрығымен (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 26715 болып тіркелген) бекітілген "Сәйкестік аудиті" деген ішкі мемлекеттік аудит пен қаржылық бақылаудың рәсімдік стандартына, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2018 жылғы 2 қазандағы № 873 бұйрығымен (

нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17690 болып тіркелген) бекітілген Ішкі аудит қызметтерінің тиімділік аудитін жүргізу бойынша ішкі мемлекеттік аудиттің және қаржылақ бақылаудың рәсімдік стандартына және Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2017 жылғы 24 сәуірдегі № 272 бұйрығымен (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15209 болып тіркелген) бекітілген "Қаржылық есептілік аудиті" рәсімдік стандартына сәйкес жүргізіледі.

2. Осы Қағидалардың мақсаттары үшін мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) нұсқама (бұдан әрі – нұсқама) – барлық мемлекеттік органдардың, ұйымдардың және лауазымды адамдардың орындауы үшін міндетті анықталған бұзушылықтар туралы және оларға жол берген лауазымды адамдардың жауаптылығын қарау туралы акт;

2) анықталған бұзушылықтарды жою туралы және оларға жол берген адамдардың жауапкершілігін қарау туралы шешім (бұдан әрі – шешім) – анықталған бұзушылықтарды жою, сондай-ақ осы бұзушылықтарға жол берген адамдарға Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жауапкершілік шараларын қолдану үшін мемлекеттік аудит объектілеріне, мемлекеттік органдарға, ұйымдарға және лауазымды тұлғаларға жіберілетін ІАҚ орындауы үшін міндетті акт;

3) аудиторлық дәлелдемелер – негізінде мемлекеттік аудиторлар жұмыста бұзушылықтардың және (немесе) кемшіліктердің бар немесе жоқ екенін анықтайтын заңдылығы, анықтығы, қолжетімділігі, жеткілікті және қатыстылығы ескерілген іс жүзіндегі деректер, сондай-ақ аудиторлық есепте жазылған фактілерді растайтын өзге материалдар;

4) аудиторлық есеп – электрондық ішкі мемлекеттік аудитті тікелей жүргізген мемлекеттік аудиторлар жасаған, белгілі бір уақыт кезеңі үшін жүргізілген электрондық ішкі мемлекеттік аудитінің нәтижелерін қамтитын құжат;

5) аудиторлық қорытынды – электрондық ішкі мемлекеттік аудит нәтижелері бойынша тұжырымдар мен ұсынымдарды қамтитын аудиторлық есеп негізінде жасалатын және ішкі мемлекеттік аудит жөніндегі уәкілетті орган және оның аумақтық бөлімшелері басшысының немесе оның орнындағы адамның электрондық цифрлық қолтаңбасымен бекітілетін құжат;

6) аудиторлық рәсімдер – аудит бағдарламасына сәйкес аудиторлық іс-шара барысында жүзеге асырылатын, аудиторлық іс-шара мақсаттарына қол жеткізу үшін қажет іс-қимылдар;

7) аудиторлық тапсырма – аудит тобының қатысушылары арасында бөлінетін бағдарламалық мәселелерді қамтитын құжат;

8) аудиторлық іс-шара – электрондық ішкі мемлекеттік аудит қорытындылары бойынша есептер мен қорытындыларды дайындауға, жүргізуге, ресімдеуге бағытталған іс-қимылдар кешені;

9) аудиторлық іс-шараға жауапты тұлға – ішкі мемлекеттік аудит жөніндегі уәкілетті органның немесе оның аумақтық бөлімшелерінің лауазымды адамы, сондай-ақ электрондық ішкі мемлекеттік аудитті ұйымдастыру мен жүргізуді бақылау жөніндегі міндеттер жүктелген ІАҚ лауазымды адамы;

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

10) тармақша жана редакцияда көзделген - ҚР Қаржы министрінің 28.04.2026 № 282 (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

10) "е-Қаржымині" интеграцияланған автоматтандырылған ақпараттық жүйесінің " Қаржылық бақылау. Тәуекелдерді басқару жүйесі" кіші жүйесі (бұдан әрі – Ақпараттық жүйе) – мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау, мемлекеттік сатып алу саласындағы ішкі мемлекеттік аудит жөніндегі уәкілетті органының міндеттерін автоматизациялауға арналған кіші жүйе;

11) мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау объектілері (бұдан әрі – мемлекеттік аудит объектілері) – мемлекеттік органдар, мемлекеттік мекемелер, квазимемлекеттік сектор субъектілері, сондай-ақ бюджет қаражатын алушылар;

12) мемлекеттік аудит тобы – екі және одан көп аудиторлық іс-шараға қатысушылар (мемлекеттік аудитор (-лар), мемлекеттік аудитордың ассистенті (-тері), қажет болған кезде тиісті бейіні бойынша тартылған сарапшылар);

13) мемлекеттік аудит тобының жетекшісі – ішкі мемлекеттік аудит жөніндегі уәкілетті органның немесе оның аумақтық бөлімшелерінің басшысы, ІАҚ басшысы немесе оның орнындағы адам айқындайтын мемлекеттік аудит тобын басқаратын мемлекеттік аудитор;

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

14) тармақша жана редакцияда көзделген - ҚР Қаржы министрінің 28.04.2026 № 282 (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

14) мемлекеттік сатып алудың электрондық көрсетілетін қызметтеріне қол жеткізудің бірыңғай нүктесін ұсынатын мемлекеттік органның ақпараттық жүйесі – мемлекеттік сатып алу веб-порталы;

15) ішкі аудит нәтижелері туралы есеп – ішкі аудит қызметі жасаған жұмыс тиімділігін арттыру, мемлекеттік аудит объектісі қызметінің түпкілікті нәтижелеріне қол жеткізу мақсатында ішкі рәсімдерді, қағидаларды, процестерді жақсарту жөніндегі ұсынымдарды қамтитын, орталық мемлекеттік органның бірінші басшысына немесе облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың әкіміне және ішкі мемлекеттік аудит жөніндегі уәкілетті органға ұсынылатын құжат, ІАҚ басшысының электрондық цифрлық қолтаңбасымен бекітілетін құжат;

16) ішкі мемлекеттік аудит жөніндегі уәкілетті орган (бұдан әрі – уәкілетті орган) – Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Ішкі мемлекеттік аудит комитеті;

17) электрондық құжат – ақпарат электрондық-цифрлық нысанда ұсынылған және электрондық цифрлық қолтаңба арқылы куәландырылған құжат;

18) электрондық цифрлық қолтаңба (бұдан әрі – ЭЦҚ) – электрондық цифрлық қолтаңба құралдарымен жасалған және электрондық құжаттың анықтығын, оның тиесілілігін және мазмұнының өзгермейтіндігін растайтын электрондық цифрлық нышандар жиынтығы;

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

19) тармақша жаңа редакцияда көзделген - ҚР Қаржы министрінің 28.04.2026 № 282 (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

19) электрондық ішкі мемлекеттік аудит – ақпараттық технологияларды қолдану арқылы уәкілетті орган және ІАҚ қашықтан жүзеге асыратын мемлекеттік аудит;

20) электрондық ішкі мемлекеттік аудит ауқымы – мәселелер тізбесі, электрондық ішкі мемлекеттік аудит жүргізу кезеңі мен мерзімі, қажетті еңбек ресурстары;

21) электрондық ішкі мемлекеттік аудит жүргізу бағдарламасы (аудит бағдарламасы) – мемлекеттік аудит объектісінің атауын, аудиторлық іс-шара мақсатын (нысанасын), электрондық ішкі мемлекеттік аудитке жататын егжей-тегжейлі мәселелер тізбесін, Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің тізбесін қамтитын құжат, сондай-ақ іске асыру үшін қабылданған квазимемлекеттік секторлар субъектілерінің актілерінің сәйкестігіне жүргізілетін электрондық ішкі мемлекеттік аудит.

3. Осы Қағидаларда пайдаланылатын басқа ұғымдар Қазақстан Республикасының Бюджет кодексінде, Заңда және Қазақстан Республикасының өзге заңнамасында айқындалатын мәндерде қолданылады.

4. Электрондық ішкі мемлекеттік аудит Заңның 18-бабына сәйкес қалыптастырылатын, уәкілетті орган мен ІАҚ-ның тиісті жылға арналған мемлекеттік аудит объектілерінің тізбесі негізінде жүргізіледі;

ІАҚ жоспардан тыс электрондық ішкі мемлекеттік аудитті Заңның 15-бабына сәйкес жүргізеді.

Уәкілетті органн жоспардан тыс электрондық ішкі мемлекеттік аудитті Заңның 18-бабының 5-тармағына сәйкес жүргізеді.

2-тарау. Электрондық ішкі мемлекеттік аудит жүргізу тәртібі

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

5-тармақ жаңа редакцияда көзделген - ҚР Қаржы министрінің 28.04.2026 № 282 (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

5. Электрондық ішкі мемлекеттік аудит құжаттары "Электрондық ішкі мемлекеттік аудит ісі" ақпараттық жүйе модулінде қалыптастырылады, онда аудит бағдарламасы, аудиторлық нұсқау, аудиторлық іс-шара жүргізуге тапсырмасы, аудиторлық есебі, аудиторлық қорытындысы, нұсқамасы және ақпараттық жүйемен көзделген аудиторлық іс-шаралар нәтижелерін іске асыру бойынша басқа да құжаттары қамтылған.

6. Электрондық ішкі мемлекеттік аудит дайындық, негізгі және қорытынды кезеңдерін қамтиды.

7. Аудиторлық іс-шара басталғанға дейін дайындық кезеңінде мемлекеттік аудит объектісі, электрондық ішкі мемлекеттік аудит ауқымы анықталады, аудит бағдарламасы, аудиторлық нұсқау, аудиторлық іс-шара жүргізу тапсырмасы жасалады.

Осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша аудит бағдарламасын электрондық ішкі мемлекеттік аудит тобының жетекшісі немесе мемлекеттік аудитор жасайды және электрондық ішкі мемлекеттік аудитті жүргізуге жауапты тұлға бекітеді.

Осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Қаржылық есептіліктің электрондық ішкі мемлекеттік аудит бағдарламасын электрондық ішкі мемлекеттік аудит тобының жетекшісі немесе мемлекеттік аудитор жасайды және электрондық ішкі мемлекеттік аудитті жүргізуге жауапты тұлға бекітеді.

Мемлекеттік аудит объектілерін алдын ала зерделеу нәтижелері туралы ақпарат Қағиданың 3-қосымшасына сәйкес нысан бойынша жасалады.

Аудиторлық іс-шараны екі және одан көп қатысушылар жүргізген кезде аудиторлық нұсқау осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жасалады, мемлекеттік аудит тобының мүшелері қол қояды және мемлекеттік аудит тобының басшысы бекітеді.

Аудиторлық іс-шара жүргізуге тапсырманы мемлекеттік аудитор немесе мемлекеттік аудит тобының жетекшісі электрондық ішкі мемлекеттік аудитті жүргізуге жауапты тұлғаның келісуімен, осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес жасайды және оған уәкілетті органның немесе оның аумақтық бөлімшелері басшысының немесе оның орнындағы адамның ЭЦҚ-мен, орталық мемлекеттік органның бірінші басшысының, облыс, республикалық маңызы бар қала, астана әкімінің ЭЦҚ-мен қол қойылады.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

8-тармақ жаңа редакцияда көзделген - ҚР Қаржы министрінің 28.04.2026 № 282 (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

8. Аудиторлық іс-шара жүргізуге тапсырмаға уәкілетті органның немесе оның аумақтық бөлімшелері басшысының немесе оның орнындағы адамның ЭЦҚ-сымен қол қойылғаннан кейін ол Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының міндетін атқарушының 2020 жылғы 25 желтоқсандағы № 162 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21964 болып тіркелген) бекітілген Тексеруді және бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау мен қадағалауды тағайындау туралы актілерді, олардың мерзімдерін ұзарту және күшін жою туралы қосымша актілерді, тексеру және бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау мен қадағалау мерзімдерін тоқтата тұру, қайта бастау, ұзарту, қатысушылар құрамын өзгерту және тексеру және бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау мен қадағалау туралы ақпараттық есепке алу

құжаттарын ұсыну және олардың нәтижелері туралы хабарламаларды тіркеу қағидаларында (бұдан әрі – Актілерді тіркеу қағидалары) айқындалған тәртіппен тіркеу үшін құқықтық статистика және арнайы есепке алу саласындағы уәкілетті органға жіберіледі.

Аудиторлық іс-шара жүргізуге тапсырма құқықтық статистика және арнайы есепке алу саласындағы уәкілетті органда тіркелгеннен кейін ақпараттық технологияларды қолдану арқылы, оның ішінде мемлекеттік сатып алу веб-порталы арқылы мемлекеттік аудит объектісіне жіберіледі.

Аудиторлық іс-шара жүргізуге тапсырманы мемлекеттік аудит объектісінің бірінші басшысы немесе оның міндетін атқарушы тұлға алған кезде және оны оқығанда, ақпараттық жүйеде оны жеткізу туралы хабарлама қалыптастырылады.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

9-тармақ жаңа редакцияда көзделген - ҚР Қаржы министрінің 28.04.2026 № 282 (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

9. Аудиторлық іс-шараны жүргізуге тапсырмаға орталық мемлекеттік органның бірінші басшысының, облыс, республикалық маңызы бар қала, астана әкімінің немесе оның орнындағы адамның ЭЦҚ-сымен қол қойылғаннан кейін ақпараттық технологиялар арқылы жіберіледі.

Аудиторлық іс-шара жүргізуге тапсырманы мемлекеттік аудит объектісінің бірінші басшысы немесе оның орнындағы адам алған кезде және оны оқығанда, ақпараттық жүйеде оны жеткізу туралы хабарлама қалыптастырылады.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

10-тармақ жаңа редакцияда көзделген - ҚР Қаржы министрінің 28.04.2026 № 282 (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

10. Электрондық ішкі мемлекеттік аудитті жүргізудің негізгі кезеңінде мемлекеттік аудитор (-лар), мемлекеттік аудитордың ассистенті (-тері), қажет болған кезде тиісті бейіні бойынша тартылған сарапшылар бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органның ақпараттық жүйелерінде қамтылған мәліметтерді пайдалана отырып, мемлекеттік аудит объектісінің Қазақстан Республикасының заңнама нормаларын, сондай-ақ оларды іске асыру үшін қабылданған квазимемлекеттік сектор субъектілерінің актілерін сақтауы тұрғысынан аудиторлық рәсімдерді орындау жолымен ішкі мемлекеттік аудитті жүзеге асырады.

Электрондық ішкі мемлекеттік аудит нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтар және (немесе) кемшіліктер фактілері аудиторлық дәлелдерге және (немесе) өзге де құжаттар мен ақпараттарға негізделеді.

Оның негізінде электрондық ішкі мемлекеттік аудит нәтижелері бойынша тұжырымдар мен ұсынымдар қалыптастырылатын аудиторлық дәлелдер, объективтік, дұрыс және жеткілікті болып табылады.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

11-тармақ жаңа редакцияда көзделген - ҚР Қаржы министрінің 28.04.2026 № 282 (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

11. Электрондық ішкі мемлекеттік аудитті жүргізудің қорытынды кезеңінде шешім қабылданады және электрондық ішкі мемлекеттік аудиттің құжаттары ақпараттық жүйесінің Электрондық ішкі мемлекеттік аудит ісі модулінде қалыптастырылады (аудиторлық есеп, аудиторлық қорытынды, нұсқама және аудиторлық іс-шаралар нәтижелерін іске асыру жөніндегі басқа да құжаттар).

12. Аудиторлық іс-шараларды жүргізу кезінде мемлекеттік аудитор (-лар), мемлекеттік аудитордың ассистенті (-тері), қажет болған жағдайда тиісті бейін бойынша тартылатын сарапшылар Заңда белгіленген құзыретке сүйене отырып, жалпы, мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау рәсімдік стандарттарын және осы Қағидаларды басшылыққа алады.

13. Электрондық ішкі мемлекеттік аудит ауқымын өзгерту электрондық ішкі мемлекеттік аудит құжаттарына (аудит бағдарламасы, аудиторлық нұсқау, аудиторлық іс-шара жүргізуге тапсырма) тиісті өзгерістер немесе толықтырулар енгізуімен жүзеге асырылады.

14. Уәкілетті орган және оның аумақтық бөлімшелері аудиторлық қорытынды бекітілгеннен кейін 3 (үш) жұмыс күні ішінде құқықтық статистика және арнайы есепке алу саласындағы уәкілетті органға Актілерді тіркеу қағидаларында айқындалған тәртіппен электрондық ақпараттық есепке алу құжатын – талон-хабарламаны жібереді.

3-тарау. Электрондық ішкі мемлекеттік аудит нәтижелері бойынша шешімдер қабылдау мен құжаттарды қалыптастыру тәртібі

15. Аудиторлық есеп осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша аудит бағдарламасы мәселелерінің тізбесімен қатаң сәйкестікте жасалады.

Электрондық ішкі мемлекеттік аудит нәтижелері бойынша анықталған жетіспеушіліктер мен бұзушылықтар аудиторлық есептегі жазулардың дұрыстығын растайтын электрондық құжаттардың деректемелеріне, сондай-ақ ережелері бұзылған нормативтік құқықтық актілердің баптарына, тармақтары мен тармақшаларына қажетті сілтемелерді көрсете отырып, объективті және дәл сипатталады.

Әрбір бұзушылық фактісі, сондай-ақ анықталған жетіспеушіліктер бұзушылықтың сипаты мен түрі сипаттала отырып, дәйекті тәртіппен нөмірленеді және тіркеледі.

Егер аудиторлық іс-шара мәселесі бойынша жетіспеушіліктер мен бұзушылықтар анықталмаған болса, мемлекеттік аудитор аудиторлық есепте анықталған жетіспеушіліктер мен бұзушылықтардың жоқтығын көрсетеді және олардың негізінде осындай қорытындылар қалыптастырылған электрондық ішкі мемлекеттік аудитке ұшыраған құжаттардың деректемелерін атап өтеді.

Аудиторлық есепке тиісті аудиторлық дәлелдемелермен және (немесе) өзге де құжаттармен расталмаған фактілерді, тұжырымдарды енгізуге жол берілмейді.

Аудиторлық есептің ажырамас бөлігі болып табылатын осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша бұзушылықтар мен жетіспеушіліктер тізілімінде анықталған бұзушылықтар мен жетіспеушіліктер көрсетіледі.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

16-тармақ жаңа редакцияда көзделген - ҚР Қаржы министрінің 28.04.2026 № 282 (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

16. Мемлекеттік аудитор жүргізген тексеру қорытындысы бойынша ақпараттық жүйеде аудиторлық есепті қалыптастырады және оған қол қояды.

Ақпараттық жүйеде мемлекеттік аудитор қол қойылған аудиторлық есеп ақпараттық технологияларды қолдану арқылы, соның ішінде мемлекеттік сатып алу веб-портал арқылы мемлекеттік аудит объектісінің бірінші басшысына немесе оның міндетін атқарушы тұлғаға танысу және қол қою үшін:

1) жүргізу мерзімі 15 (он бес) жұмыс күнін құрайтын аудиторлық іс-шаралар бойынша – аудиторлық іс-шараны жүргізуге тапсырмада көрсетілген аудиторлық іс-шара аяқталғанша кемінде 1 (бір) жұмыс күнінен кешіктірмей;

2) жүргізу мерзімі 15 (он бес) жұмыс күнінен асатын аудиторлық іс-шаралар бойынша – аудиторлық іс-шараны жүргізуге тапсырмада көрсетілген аудиторлық іс-шара аяқталғанша кемінде 1 (бір) жұмыс күнінен кешіктірмей жолданады.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

17-тармақ жаңа редакцияда көзделген - ҚР Қаржы министрінің 28.04.2026 № 282 (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

17. Мемлекеттік аудитор қол қойған аудиторлық есепті мемлекеттік аудит объектісінің бірінші басшысы немесе оның міндетін атқарушы тұлға алған кезде ақпараттық жүйеде оны жеткізу туралы хабарлама қалыптастырылады.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

18-тармақ жаңа редакцияда көзделген - ҚР Қаржы министрінің 28.04.2026 № 282 (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

18. Аудиторлық іс-шараны жүргізуге тапсырмада көрсетілген аудиторлық іс-шараларды аяқтау күнінен кешіктірмей аудиторлық есепке мемлекеттік аудит объектісінің бірінші басшысы немесе оның міндетін атқарушы тұлға ЭЦҚ қол қояды және ақпараттық жүйеде автоматты түрде қайта бағытталады.

Аудиторлық іс-шара нәтижелерімен келіспеген кезде аудиторлық іс-шараны жүргізуге тапсырмада көрсетілген аудиторлық іс-шараларды аяқтау күнінен кешіктірмей аудиторлық есепке мемлекеттік аудит объектісінің басшысы немесе оның міндетін атқарушы тұлға қарсылықтары бар екені туралы ескертпемен және олар бойынша негіздемелерді көрсете отырып қол қояды.

19. Қаржылық бақылауды Заңның 5-бабының 1-тармағына сәйкес уәкілетті органы жүзеге асырады.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

20-тармақ жаңа редакцияда көзделген - ҚР Қаржы министрінің 28.04.2026 № 282 (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

20. Электрондық ішкі мемлекеттік аудит материалдарының сапасына бақылау жүргізілгеннен кейін 3 (үш) жұмыс күні ішінде:

1) осы Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес нысан бойынша аудиторлық іс-шараға жауапты тұлға электрондық ішкі мемлекеттік аудит қорытындылары бойынша аудиторлық қорытындыны ақпараттық жүйеде қалыптастырады;

2) уәкілетті органның немесе оның аумақтық бөлімшелерінің басшысы немесе оның міндетін атқарушы аудиторлық қорытындыны ЭЦҚ бекітеді;

3) бұзушылықтар және (немесе) кемшіліктер анықталған жағдайда, ішкі мемлекеттік органның және оның аумақтық бөлімшелерінің мемлекеттік аудиторы мемлекеттік аудит объектілері орындауы үшін міндетті құжат болып табылатын, осы Қағидаларға 9-қосымшаға сәйкес нысан бойынша анықталған бұзушылықтарды жою және оларға жол берген тұлғалардың жауапкершілігін қарау туралы нұсқаманы ақпараттық жүйеде қалыптастырады;

4) уәкілетті органының немесе оның аумақтық бөлімшелерінің басшысы немесе оның міндетін атқарушы нұсқамаға ЭЦҚ қол қойылады.

Аудиторлық қорытындыға және нұсқамаға аудит объектісінің, мемлекеттік органдардың, ұйымдардың және лауазымды тұлғалардың қаралмаған және сапа бақылауымен расталмаған қарсылықтары бар бұзушылық және (немесе) кемшілік фактілерін енгізуге жол берілмейді.

Мемлекеттік аудиторлар электрондық ішкі мемлекеттік аудит нәтижелері бойынша жасайтын құжаттарының сапа бақылауы Заңның 14-бабының 8) тармақшасымен сәйкес уәкілетті орган бекіткен Ішкі мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау жүргізу қағидаларында айқындалған тәртіппен жүзеге асырылады.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

21-тармақ жаңа редакцияда көзделген - ҚР Қаржы министрінің 28.04.2026 № 282 (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

21. Ішкі аудит нәтижелері туралы есепке қол қойылғаннан кейін 3 (үш) жұмыс күні ішінде:

1) аудиторлық іс-шараға жауапты тұлға осы Қағидаларға 10-қосымшаға сәйкес нысан бойынша электрондық ішкі мемлекеттік аудиттің қорытындылары бойынша ішкі аудиттің нәтижелері туралы есепті ақпараттық жүйеде қалыптастырады және ЭЦҚ арқылы қол қояды;

2) бұзушылықтар және (немесе) кемшіліктер анықталған жағдайда, ІАҚ мемлекеттік аудиторы ақпараттық жүйеде анықталған бұзушылықтарды жоюға және

осы Қағидаларға 11-қосымшаға сәйкес нысан бойынша оларға жол берген адамдардың жауапкершілігін қарау туралы мемлекеттік аудит объектісінің орындауы үшін міндетті құжат болып табылатын шешімді (бұдан әрі – шешім) қалыптастырады;

3) орталық мемлекеттік органның бірінші басшысы, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың әкімі ЭЦҚ арқылы шешімге қол қояды.

Ішкі аудит нәтижелері туралы есепке мемлекеттік аудит объектісінің қаралмаған қарсылықтарымен және сапа бақылауымен расталмаған анықталған бұзушылықтарды және (немесе) кемшіліктерді жоюға арналған шешімді енгізуге жол берілмейді.

Электрондық ішкі мемлекеттік аудиттің нәтижелері бойынша ІАҚ мемлекеттік аудиторлары жасайтын құжаттардың сапасын бақылау Ішкі мемлекеттік аудит қағидаларында айқындалған тәртіппен жүзеге асырылады.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

22-тармақ жаңа редакцияда көзделген - ҚР Қаржы министрінің 28.04.2026 № 282 (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

22. Аудиторлық қорытынды мен нұсқама ақпараттық технологияларды қолдану арқылы, оның ішінде мемлекеттік сатып алу веб-порталы арқылы аудиторлық қорытынды бекітілгеннен кейін 1 (бір) жұмыс күні ішінде мемлекеттік аудит объектісіне жіберіледі.

Мемлекеттік аудит объектісінің бірінші басшысы немесе оның міндетін атқарушы тұлға Аудиторлық қорытындыны және нұсқаманы алған және оларды оқыған кезде ақпараттық жүйеде олардың жеткізілгені туралы хабарлама қалыптастырылады.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

23-тармақ жаңа редакцияда көзделген - ҚР Қаржы министрінің 28.04.2026 № 282 (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

23. Ішкі аудит нәтижелері туралы есеп және шешім аудиторлық қорытынды бекітілгеннен кейін 1 (бір) жұмыс күні ішінде ақпараттық технологияларды қолдану арқылы мемлекеттік аудит объектісіне жіберіледі.

4-тарау. Электрондық ішкі мемлекеттік аудит нәтижелері бойынша қабылданатын құжаттар мониторингі

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

24-тармақ жаңа редакцияда көзделген - ҚР Қаржы министрінің 28.04.2026 № 282 (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

24. Мемлекеттік аудит объектісі тиісті құжаттарда көрсетілген мерзімдерде уәкілетті органға немесе оның аумақтық бөлімшелеріне ақпараттық технологияларды қолдану арқылы, оның ішінде мемлекеттік сатып алу веб-порталы арқылы ұсынымдарды қарау нәтижелері туралы және нұсқамалардың орындалуы туралы ақпарат жібереді.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

25-тармақ жаңа редакцияда көзделген - ҚР Қаржы министрінің 28.04.2026 № 282 (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

25. Мемлекеттік аудит объектісі, мемлекеттік органдар, ұйымдар және лауазымды тұлғалар тиісті құжаттарда көрсетілген мерзімдерде ІАҚ-ға ақпараттық технологияларды қолдану арқылы, оның ішінде мемлекеттік сатып алу веб-порталы арқылы ұсынымдарды қарау нәтижелері туралы және шешімнің орындалуы туралы ақпарат жібереді.

26. Аудиторлық іс-шараға жауапты адам тұрақты және жүйелі негізде:

1) мемлекеттік аудит объектісі, мемлекеттік органдар, ұйымдар және лауазымды тұлғалар жіберетін аудиторлық қорытындыда немесе ішкі аудит нәтижелері туралы есепте берілген ұсынымдарды қарау нәтижелері туралы ақпараттың уақтылығы мен толықтығына;

2) мемлекеттік аудит объектісінің, мемлекеттік органдардың, ұйымдардың және лауазымды тұлғалардың нұсқаманы немесе шешімді уақтылы және толық орындауына мониторингті жүзеге асырады.

27. Мемлекеттік аудит объектісінің, мемлекеттік органдардың, ұйымдардың және лауазымды тұлғалардың ұсынымдарды қарауы және нұсқаманы толық орындауы нәтижелері бойынша осы Қағидаларға 12-қосымшаға сәйкес нысан бойынша аудиторлық іс-шараның аяқталғаны туралы анықтама жасалады.

28. Мемлекеттік аудит объектісінің, мемлекеттік органдардың, ұйымдардың және лауазымды тұлғалардың ұсынымдарды қарауы және шешімді толық орындауы нәтижелері бойынша осы Қағидаларға 13-қосымшаға сәйкес нысан бойынша аудиторлық іс-шараның аяқталуы туралы анықтама жасалады.

29. Мемлекеттік аудит объектісі нұсқаманы көрсетілген мерзімде орындамаған немесе тиісінше орындамаған кезде аудит тобының жетекшісі немесе мемлекеттік аудитор нұсқамада көрсетілген мерзім аяқталған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде әкімшілік құқық бұзушылық туралы Қазақстан Республикасы Кодексінің 462-бабында көзделген шараларды қолданады (бұдан әрі – Кодекс).

30. Мемлекеттік аудит объектісі, мемлекеттік органдар, ұйымдар және лауазымды тұлғалар шешімде көрсетілген мерзімде орындамаған немесе тиісінше орындамаған кезде аудит тобының жетекшісі немесе мемлекеттік аудитор шешімде көрсетілген мерзім өткен күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде Кодекстің 462-бабында көзделген шараларды қолданады.

5-тарау. Электрондық ішкі мемлекеттік аудит нәтижелері бойынша шешімдер мен құжаттарға шағымдану тәртібі

31. Электрондық ішкі мемлекеттік аудит нәтижелері бойынша шешімдер мен құжаттарға шағымдану Заңның 37-бабы 1-тармағының 4) тармақшасында және 60-бабында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

Электрондық ішкі
мемлекеттік
аудит қағидаларына
1-қосымша
Нысан
Бекітемін:
Аудиторлық іс-шараны
жүргізуге жауапты тұлға

(лауазымы, тегі, аты,
әкесінің аты (ол болған
жағдайда), қолы)
20 __ жылғы __

Аудит бағдарламасы

1. Мемлекеттік аудит объектісінің атауы: _____
2. Аудиторлық іс-шараның мақсаты/мәні: _____
3. Электрондық ішкі мемлекеттік аудитті қамтитын егжей-тегжейлі сұрақтар тізбесі:

№	Мемлекеттік аудит көрсеткіштері және көрсеткіштердің әрқайсысына аудиторлық іс-шараның бірлескен, қатар, үстеме тексерулер) егжей-тегжей мәселелері	Аудиторлық іс-шарамен (бірлескен, қатар, үстеме тексерумен) қамтылуға жататын бюджеттік бағдарлама (нөмірі және атауы) және (немесе) активтер	Қамтылатын кезең (жыл/жарты айлар)	Аудиторлық іс-шарамен (бірлескен, қатар, үстеме тексерумен) қамтылуға жататын республикалық және (немесе) жергілікті бюджет қаражатының және (немесе) активтердің көлемі (мың теңге)
1	2	3	4	5
1.				
2.				
3.				
...				

Жиыны:

4. Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің тізбесі, сондай-ақ оларды іске асыру үшін қабылданған квазимемлекеттік сектор субъектілерінің актілері, олардың сәйкестігіне электрондық ішкі мемлекеттік аудит жүргізіледі:

Мемлекеттік аудит тобының басшысы/мемлекеттік аудитор

(лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда), қолы)

Ескертпе:

1. Мемлекеттік аудит объектісінің атауы (аудит объектісінің толық атауы, ұйымдық-құқықтық нысаны көрсетіледі).

2. Аудиторлық іс-шараның мақсаты/мәні (аудиторлық іс-шара тақырыбына байланысты, мақсаты ретінде "Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 14-бабының 2)-тармақшасында көзделген бағыттар көрсетіледі).

3. Электрондық ішкі мемлекеттік аудитке жататын егжей-тегжейлі сұрақтар тізбесі (электрондық ішкі мемлекеттік аудитке жататын сұрақтарды нақтылау).

4. Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің тізбесі, сондай-ақ оларды іске асыру үшін қабылданған квазимемлекеттік сектор субъектілерінің актілері, олардың сәйкестігіне электрондық ішкі мемлекеттік аудит жүргізіледі (аудиторлық іс-шара барысында қолданылатын Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің тізбесі, сондай-ақ оларды іске асыру үшін қабылданған квазимемлекеттік сектор субъектілерінің актілері көрсетіледі).

Электрондық ішкі
мемлекеттік
аудит қағидаларына
2-қосымша
Нысан
Бекітемін:
Аудиторлық іс-шараны
жүргізуге жауапты тұлға

(лауазымы, тегі, аты,
әкесінің аты (ол болған
жағдайда), қолы)
20__ жылғы __ ____

Қаржылық есептіліктің электрондық ішкі мемлекеттік аудитін жүргізу бағдарламасы

1. _____
(мемлекеттік аудит объектісінің атауы)
2. Аудиторлық іс-шараның мақсаты, пәні _____
3. Тексеру түрі (бірлескен, қосарлас) _____
4. Ішкі мемлекеттік аудитке жататын мәселелердің егжей-тегжейлі тізбесі:
тармақтың № _____

Мемлекеттік аудиттің көрсеткіштері және көрсеткіштердің әрқайсысына аудиторлық іс-шараның (бірлескен, қосарлас тексерудің) егжей-тегжейлі мәселелері

Зерттеу әдісі (жаппай/іріктеп)

Қамту кезеңі (жыл/жарты жыл/айлар)

Баланс валютасы

Жиыны:

5. Аудиторлық іс-шара (бірлескен, қосарлас тексеру) барысында пайдаланылатын Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің және ішкі мемлекеттік аудит органдарының өзге де құжаттарының тізбесі:

Мемлекеттік аудит тобының жетекшісі

(лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда), қолы)

Электрондық ішкі
мемлекеттік
аудит қағидаларына
3-қосымша
Нысан
Аудиторлық іс-шараны
жүргізуге жауапты тұлға

(лауазымы, тегі, аты,
әкесінің аты (ол болған
жағдайда), қолы)
20__ жылғы __ __

Мемлекеттік аудит объектілерін алдын ала зерделеу нәтижелері туралы ақпарат

1. Мемлекеттік аудит объектілерін алдын ала зерделеу: _____.
(мемлекеттік аудит объектілерінің атауы, мемлекеттік аудит объектісінің орналасқан жері (облыс/қала))
2. Аудиторлық іс-шараны ұйымдастыру үшін негіз: _____.
(құжаттың атауы, күні, нөмірі)
3. Аудиторлық іс-шараның мақсаты, мәні және мәселелері: _____.
4. Аудиторлық іс-шараны ұйымдастыру үшін маңызы бар мынадай құжаттар зерделенді:
 - 1) _____
(зерттелген құжаттардың, есептердің және басқа да ақпараттың, оның ішінде мемлекеттік аудит объектісінде Заңның 21-бабына сәйкес алынған ақпараттың тізбесін көрсету)
 2. _____
(көрсетілген мақсатқа, аудиторлық іс-шараның нысанасы мен мәселесіне сәйкес ішкі бақылау жүйесін және оның заңда көзделген компоненттерін ұйымдастырудың тиімділік дәрежесіне алдын ала талдау және бағалау жүргізу, оның нәтижелері бойынша ішкі бақылау жүйесінің қойылған мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізуді қамтамасыз ету қабілеті айқындалады)
 - 3) мәнділік – _____.
(көрсетілген мақсатқа, аудиторлық іс-шараның нысанасы мен мәселесіне сәйкес мемлекеттік аудит объектісі Қаржы және шаруашылық операцияларды жасаған кезде

Қазақстан Республикасы заңнамасы нормаларының, сондай-ақ оларды іске асыруға қабылданған квазимемлекеттік сектор субъектілері актілерінің талаптарынан ауытқудың, сондай-ақ қабылданатын шешімдерге ықпал ететін өзге де қателіктердің болуын айқындау, рұқсат етілетін ең жоғары мөлшері мемлекеттік аудит объектісі қызметінің ерекшелігіне және көрсеткіштер санатына байланысты Қазақстан Республикасының мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы заңнамасына сәйкес айқындалады. Маңыздылық және аудиторлық тәуекел көрсеткіштерін есептеу стандарттарға сәйкес жүзеге асырылады)

6. Үстеме тексеру жүргізу қажеттілігі _____.

(мемлекеттік аудит объектісінің атауы, үстеме тексеру жүргізу қажеттілігінің негіздемесін көрсету)

7. Мамандарды (Сарапшыларды) тарту қажеттілігі _____.

(мамандардың (сарапшылардың) қажеттілігінің негіздемесін көрсету)

8. Режимдік объектілерде мемлекеттік аудит жүргізу жағдайларында рұқсаттар алу қажеттілігі _____.

(қажет / қажет емес)

9. Мемлекеттік аудит объектісін алдын ала зерделеу және жүргізілген талдау қорытындылары бойынша мыналарды ұсынамыз:

9.1. Мемлекеттік аудит объектісінде аудиторлық іс-шара өткіз

(мемлекеттік аудит объектісінің атауы)

(тәуекелдердің болуы мен дәрежесі, ішкі бақылау жүйесі, маңыздылығы туралы қорытындылар негізінде аудиторлық іс-шараны өткізудің орындылығын көрсету, аудит жүргізуден бас тартқан жағдайда себебін көрсету)

9.2. Аудит бағдарламасына қосу:

1) аудиторлық іс-шарамен қамтылатын бюджет қаражаты мен активтердің көлемі: _____.

(аудиторлық іріктеу қорытындылары бойынша тексерілетін жылдар және бюджеттік бағдарламалар бөлінісінде ішкі мемлекеттік аудитпен қамтылатын қаражат пен активтердің көлемін көрсету)

2) мемлекеттік аудиттің көрсеткіштері және көрсеткіштердің әрқайсысына аудиторлық іс-шараның (бірлескен, қатарлас тексерудің) егжей-тегжейлі мәселелері _____.

10. Аудиторлық іс-шара барысында мемлекеттік аудиторлар, ассистенттер мен сарапшылар арасында – мемлекеттік органдар мен мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдары арасында бірлескен және қатар тексерулер жүргізілген жағдайда қамтылуға тиіс мәселелерді бөлу:

_____.

11. Аудиторлық іс-шараны өткізу мерзімі белгіленсін: _____.

Мемлекеттік аудит тобының басшысы _____.

(қолы, тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда))

Мемлекеттік аудит тобының қатысушылары _____.

(қолы, тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда))

Электрондық ішкі
мемлекеттік
аудит қағидаларына
4-қосымша
Нысан
Мемлекеттік аудит
тобының басшысы

(лауазымы, тегі, аты, әкесінің
аты (ол болған жағдайда), қолы)
20__ жылғы " __ " _____

Аудиторлық тапсырма*

1. Мемлекеттік аудит объектісінің атауы: _____

2. Аудиторлық іс-шара мерзімі: _____

№	Аудиторлық тобының қатысушылары арасындағы бөлінетін аудиторлық іс-шаралар (аудит жоспарынан) мәселелері	Тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда) және мемлекеттік аудитордың, мемлекеттік аудитордың ассистентінің (лауазымы тартылған сарапшының, сарапшының)				Аудиторлық іс-шараны жүргізу мерзімі (кезеңдері)					
		аудит бағдарламасының мәселесін қарау басталған күн	аудит бағдарламасының мәселесін қарау аяқталатын күн	аудиторлық есепке енгізу үшін материалдарды ұсыну күні	1	2	3	4	5	6	
1	2	3	4	5	6						
1.		1)									
		2)									
